

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы**

**Күшін жойған**

Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы № 410 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 8 желтоқсанда № 3909 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 31 наурыздағы № 70 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы әкімдігінің 31.03.2017 № 70 қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабының 2-тармағына, "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6-бабының 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Созақ ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының 1, 2, 3-қосымшаларына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.Айдарбековке жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*М.Исаев*

Созақ ауданы әкімдігінің  
"6" желтоқсан 2016 жылғы  
№ 410 қаулысына 1-қосымша

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы**

№	Аудан атауы	Мектепке дейінгі мекемелердегі орын саны	Оның ішінде	
			республикалық бюджет есебінен	жергілікті бюджет есебінен
1	Созақ ауданы	3426	1092 оның ішінде: 662- орын жеке меншік балабақшалар, 430 – орын мектеп жанындағы шағын орталық	2334

## Жан басына шағып қаржыландырудың мөлшері

Айына бір тәрбиеленушіге кететін орташа шығыс, теңге		
Мемлекеттік бала бақшалар	Жеке меншік бала бақшалар	Мектеп жанындағы шағын орталық
55957	21957,70	18125,80

## Ата-ананың ақы төлеу мөлшері

Барлығы	Күніне бір баланың шығыны, 3 жасқа дейін теңге (көп емес)	Күніне бір баланың шығыны, 3 жастан 7 жасқа дейін теңге (көп емес)
	430,20	470,26

Ескертпе: 1 күніне бір балаға жас ерекшелігіне қарай кететін шығын нақты жұмыс күніне есептелген.